

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ БӨГЕМБАЙ БАТЫР БЕЙНЕСІ

Жалелов Дәулет Серікұлы

daulet.zhalelov1994@mail.ru,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

3-курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор, Әлтай А.Д.

Үмбетей жырау XVIII ғасырда қазақ хандығы тұсында өмір сүрген жорық жыршыларының бірі. Елді азаттыққа, еркіндікке шақырған тұлға. Үмбетей жырау толғауларында ел үшін кескілескен ұрыстағы қайсар батырларды да арқау етті. «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту», «Бөгембай өліміне», «Бұқарға», «Жауқашарға», «Бөкеге» атты толғаулары көпшілікке кеңінен таныс. Жорық жыршысы әрі кеңесшіге айналған Үмбетей жырау хан мен халық арасына алтын көпір бола білді.

Үмбетей жырау – 1706 жылы Ақмола облысының Ерейментау өңірінде дүниеге келген. Әкесі – Тілеу батырлық жырларды, ертедегі аңыздарды, ауыздан-ауызға тараған шешендік сөздер мен қиссаларды тереңінен меңгерген тұлға болған. Әкесінің де есімі хандық деңгейде мәшһүр болған, Шебер қобызшы ретінде де танымал болған. Үмбетей жырау – Бұқар жыраумен замандас екені тарихи деректерден белгілі. М. Мағауин де осы пікірді қуаттайды. «Үмбетей мен Бұқар жырау екеуі жақын дос болыпты. Үмбетей Бұқарды қадір тұтып қатты сыйлайды екен» [1, 73]. М. Мағауинмен қатар одан арыда Ш. Құдайбердіұлы мен М. Жұмабайұлы да өз шығармашылығында Үмбетей жыраудың тұлғалық қасиетін мадақтап, туындыларына арқау еткен. Үмбетей Тілеуұлы – дидактикалық сарында жазылған толғаулары поэзияның салмағын арттырып тұр. Үмбетей жырау толғауында тек қана Абылай хан заманындағы қоғамдық жайттар мен батырлар бейнесі ғана емес, күллі қазақ халқының өткені мен салт-санасындағы құндылықтар шығармашылығынан алшақ қалған емес.

Үмбетей жыраудың философиялық сарындағы толғаулары көп емес. Бізге жеткен толғауларының ішіндегі «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» турасындағы толғауы таныс. Бұл тұрғыда біз Үмбетей жыраудың Абылай хан заманында өмір сүрген жорық жыршысы екеніне көз жеткіземіз. Осы толғауды оқи отырып, жырау толғауларының идеясы мен синкреттілігін де анықтаймыз. Бөгембай тұлғасына арнаған толғауларының біріншісі – жоқтау формасында, екіншісі – Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту. Қанжығалы Бөгембайдың аты да заты да қазақ халқына етене жақын әрі таныс. Жоңғарға қарсы жойқын күрестің бастаушысы, әскербасы әрі қолбасшысы. Қазақ батырларының көшбасшысына айналған тұлға. Тарихи жырларда да Бөгембай батыр туралы баяндалады.

Өтіпті біздің қазақ жақсы жайдан,
Естіген тамаша етіп, қалар қайран.
Қазақтың құба қалмақ заманында
Сөйлейін қанжығалы Бөгенбайдан.
Өтіпті қанжығалы қарт Бөгенбай,
Мекені көшіп-қонған Шет қурайда-ай.
Қазақ пен қалмақ атыс қылған кезде
Әкесі аруақ қонған ер Маянбай. [2, 11].

XVIII ғасырдан бастап ертеде жау қолына өткен қоныстар қазақтың өз қолына келді. Жеңіс туын көтерген жорықтардың басқы бөлігінде Абылайдың жан серігі ретінде әрі қолбасшысы болып Бөгембай тұрды. Тарихи жырларда батырдың рухты намысын көрсету мақсатында жазылған. Ал енді Үмбетей жыраудың толғауларына назар аударайық. Алғашқысы – жоқтау сарынында айтылады. Жоқтау – қазақ танымында ертеден бар сарын. А. Байтұрсынұлы: «Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, иә қызы, иә келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз – жоқтауды көбінесе ақындар шығарып береді. Сондықтан жоқтау

ақын лұғатты келеді» [3, 295]. Үмбетей жырау да Бөгембай батырды толғаумен жоқтап, ішкі мұң мен күйінішін білдіреді. Батырды жоқтау арқылы бастапқы бөлігінде батырдың ерлігі мен тұлғалық сипатын кеңінен ашып көрсетеді.

Уа, Алатаудай Ақшадан
Асып тудың, Бөгембай!
Болмашыдай анадан
Болат тудың, Бөгембай!
Қалақайлап дулатқан,
Қалдамандап шулатқан,
Қалмақты алдың, Бөгембай! [4, 71].

С. Қасқабасов осы толғау турасында жалпы сыртқы формасы – жоқтау болғанымен тұтастай алғанда гимн іспетті екендігін айтады [5, 231]. Толғауда батырды қазақ халқының маңдайына біткен қаһарман тұлға бейнесінде көрсетеді. Бұл жердегі жыраудың басты идеясы – батырды халық жадында мәңгілік қалуына және болашаққа ұрпаққа даңқты батырды таныстыру үшін айтып тұр. Үмбетей батырдың негізгі жеңістері мен ерліктерін жіпке тізгендей жеткізеді. Бастапқы бөлігінде жасақ басшысы болғанын, қарапайым бала баладан ел тізгінін нықтар ерге айналғанын көрсетеді. Одан кейін батырдың абыройын асқақтату мақсатында көркемдеуіш құралдарды яғни, бірнеше теңеулер мен символдарды шебер қолданады.

Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай Бөгембай!
Темір жұмсап, оқ атқан
Қорғасындай Бөгембай!
Қолтығы ала бұғының
Пәйкесіндей Бөгембай!
Жалаңқия жерлерден
Жазбай түсіп түлкі алған
Білегі жуан бүркіттің
Тегеурініндей Бөгембай! [4, 72].

Бұл толғаудан байқағанымыз Бөгембайдың әкесінің есімі Ақша болғанын және анасының есімі Болмашы деп аталғанын аңғарамыз. Зерделей отырып, Бөгембай батырдың бойынан алғырлық пен ізгілік формасындағы айлакерлікті, салмақтылық пен қайратты байқаймыз. Ең аяулы аң-құстардың бойында кездесетін ең бір елеулі қасиеттерді батырдың шеберлігіне телиді. Жоғарыда толғаулардан келтірген үзінділердің қай-қайсынан да жыраудың бойындағы адалдық пен батырға деген сүйіспеншілік қасиеті бірден байқалады. Ел ішіне батырды таныстырып, жоқтау арқылы да батырдың тұлғалық қасиетін арттырып өмір шындығын көрсете алады. Аманжол Әлтай: «Ал жоқтаудың негізгі ерекшелігі дүниеден озған адамның жасаған жақсылықтарын көрсету, жақсы қасиеттерін еске алу болып келетіні мәлім. Үмбетей жоқтауында да осы дәстүр сақталған. Әйткенмен, жырау Бөгембай батырдың күнделікті тірліктегі абзал істерін, жайсаң мінезін тізбелей бермейді. Батырдың болмысындағы ерекше қасиеттерді және оның өнегелі істерінің қатарынан ел үшін аса маңызды саналатын ерліктерін ғана талғап жырлайды» [6, 151]. Байқағанымыздай асыра мақтаудан қарағанда шынайы болған ерлік істеріне сай жеткізу дәстүрі байқалады. Жау қолына өткен жерлерді қайта қайтару кезінде де Бөгембай батырдың ерлігі ерен. Жоғарыда айтылған толғауда да осы бөліктерге тоқталады. Қабанбай мен Бөгембайдың үндесуі – қазақ елінің жерін қайтаруы және жауды жерден азат етуге әкеледі.

Баянаула, Қызылтау,
Абыралы, Шыңғыстау,
Қозы Маңрақ, Қой Маңрақ,
Арасы толған көп қалмақ;
Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,

Алтай тауға асырдың!
Ақшәуліге қос тігіп,
Ауыр қол жидырып алдырдың;
Қалмаққа ойран салдырдың!
Қабанбай мен Бөгембай,
Арғын менен найманға,
Қоныс қылып қалдырдың! [4, 73].

Аталмыш толғау үзіндісінен жер аттарын білумен қатар, қазақ жерінің атақонысы болғанынан да хабар аламыз. Қазақ хандығы бір кездері уысындағы Түркістан, Ташкент, Сайрам сынды жерлерінен айрылып қалған кезде еңсені тіктеуге бірден-бір күш – Бөгембай болды. Тұтас халқымызға үрей болып келген жоғарды талқандауға серпін берген де Бөгембай. Бөгембай Нарқызылының үстінде үрей болған жауды жеңіп, еліне еркіндік сыйлайды. Абылайдың серігіне айналып, қартайғанда ханға бата береді. Ханға кез келген адам бата бере алмайды. Бұл жерде батырдың абыройы мен беделі ел арасында өте жоғары екеніне дәлел келтіре аламыз. Нарқызылды Абылай ханға алғаш жауға аттанарда Бөгембай қарт батыр берген болатын. Жырды төмендегідей баяндайды:

Қол жайып бата берді Бөгембай қарт:
Бізге жау ежелден-ақ қалмақ пен сарт.
Жылқының жүйрігі еді **Нарқызылым**,
Көңілім енді саған беруге шарт [2, 208].

Абылайдың тұлпары атанған Нарқызыл – жай ат емес, жылқының ішіндегі жүйрігі, батырға серік боларлық нағыз тұлпар. Сол себепті Бөгембай өзінің астындағы Нарқызылын Абылайға ұсынып, оған ұрыс даласында сенімді жолдас боларын сезгендіктен батасын береді.

Үмбетей жыраудың екінші Бөгембайға арнаған толғауы естірту сарынында жазылған. «Бұрын қазаны естіртудің өзі бір өнер болғаны мәлім. Әдетте естіртуші қайғылы хабарды бірден тоқ еткізбей, әңгімені алыстан орағытып бастайды, алдымен тұспалдап сөйлеп, қара жамылуға тиіс адамды хабарға дайындап алады» [1, 75]. Үмбетей жырауда да осы үлгі қатаң сақталған. М. Әуезов: «Естіртудің мол ұшырасуы қазақ халқының жан дүниесінің тазалығын, қайғы көріп, қаралы болғанға қабырғасы қайысып, ауыртпалықты бірге көтерісетінін, оның адамның күйініш-сүйініштерін терең сезінген сыпайыгершілігін, көргендігін танытады» деп пікір тұжырымдайды [7, 45]. Жоғарыда айтқанымыздай жырау халықтың басына түскен қиын жағдайларды айтып, Абылайдың да басынан өткен тарихты да толғаудың басқы бөлігіне орналастырады. Одан кейін батыр тұсындағы қуанышты сәттерді де жеткізеді. Сол қуанышты сәттерге батырдың тиігізген үлесін баяндайды. Қуанышты сәттерді айта келіп, оның артынан жұбаныштың да болатынын астарлап сездіреді. Өмірдің бір орнында тұрмайтынын, өмірге келу және кету бар екендігін айтады.

Ей, Абылай, Абылай,
Сөзімді тыңда тағы да ай!
Өзіңнен біраз жасы үлкен,
Дөмпіш таудай басы үлкен,
Жасында болған сырласың,
Үлкен де болса құрдасың,
Сексеннен аса бергенде,
Қайрылмас қаза келгенде,
Батырың өлді - Бөгембай!
Иманын айтып өлерде,
Иекке жаны келгенде,
Сәлем айтты үш қайта,
Кеттім деп сізді көре алмай [4, 73].

Жоқтау түріндегі ұзақ толғаудың бізге керек тұсы осы жерде. Жоқтаудың негізгі мақсаты мен міндеті орындалды. Ең басында ханның бойындағы кемшілік пен

жақсылықтарды қатар айта келіп, қиналған сәтте жаныңнан табылар жақынға айналған батырлар деп көрсетеді. Абылайдың Ташкентте жау қолында тұтқында болғандығы және сол жау қолынан Бөгембай бастаған батырлардың ханды құтқаруға себепші болғандығы да айтылады. Толғаудың соңғы бөлігінде батырға иман байлығын тілеп, ханға еңсесі түспеуін баса айтады. Бөгембайдай перзенттің әлі де дүниеге келетіндігіне кәміл сенім білдіреді:

Көзіңнің жасын тыя көр,
Жақсылық бата қыла көр.
Тағы да талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін,
Бөгенбайдай жас берсін,
Өлшеусіз мал мен бас берсін!
Бөгенбай сынды батырдың
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқына-ай.
Жасаған ие жар болып,
Бейіште нұры шалқығай! [4, 73].

Сөзімізді түйіндей келе, Үмбетей жырау поэзиясындағы Бөгембай батырдың бейнесі асқақ, қажыр мен қайраты биік тұлға, кемелденген бейне ретінде жырланады. Қазақ хандығы тұсындағы айбынды да беделді қолбасшы – Бөгембай батыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968. – 154 б
2. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. Жүз томдық. Т. 57. – Астана: Фолиант, 2010. – 408 б.
3. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: –384 б
4. Жеті ғасыр жырлайды. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2008. – 400 б.
5. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014 – 344 б.
6. Әлтай А. Ақын-жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғғ.): Оқулық. – Астана: Ақжолтай, 2013. – 232 б.
7. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – 428 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АУЫЛ КЕЛБЕТІ (Т. Нұрмағанбетов, Б. Сарыбай әңгімелері негізінде)

Жәлелова Меруерт Серікқызы

miko.tb@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор, Айтуғанова С.Ш.

Әңгіме жанры – оқиғалар шағын, қарасөзбен жазылған өмір шындығы баяндалатын көркем туынды. Қазақ әңгімелерінің арғы бастаулары фольклормен сабақтасқан. Ертегі, шешендік өнер, аңыз әңгімелердің бөліктері, ішкі мазмұндағы үндестіктің жалғасы – әңгімеде көрініс тапқан. Әңгімені Ахмет Байтұрсынұлы «әуезе» деп атаған [1,43]. Әңгіме жанрын З.Қабдолов та өз зерттеу еңбегерінде кеңінен ашып көрсетеді. «Әңгіме – қиын жанр. Алдымен, көлемі шағын. Ол – жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден үйіріп әкету үшін, сол шағын көлемдегі өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс. Сюжетке ене бастаған бетте-ақ оқырманның көз алдына іші-сыртын, мінез-құлқын, іс-әрекетін аттаған сайын аңғартып, адам келе бастауы керек. Ол адам өзіне тән ең бір елеулі өзгешелігімен шұғыл даралана беруге тиіс. Адам тұл көрінбейді; оның өзін қоршаған айналасы айқын көзге түсуі, сол